

Асыл тұқымдық зауыттарды, асыл тұқымдық шаруашылықтарды және асыл тұқымдық репродукторларды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 3-3/352 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 мамырда № 11118 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 9 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.01.2016 № 9 (Осы бұйрық 02.06.2016 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс) бұйрығымен.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 26) тармақшасына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қой және ешкі шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық зауыттарды және асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес шошқа шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық зауыттарды және асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жылқы шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық зауыттарды және асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес түйе шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық зауыттарды және асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес құс шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық репродукторларды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес түйеқұс шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық репродукторларды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес марал және бұғы шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес үй қояны шаруашылығы бойынша тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес аң шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес бал ара шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 3-3/352 бұйрығына
1-қосымша

Қой және епкі шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық зауыттарды және асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Асыл тұқымдық зауыттар	Асыл тұқымдық шаруашылықтар
Өнімділік бағыты биязы және биязылау жүнді қой		
Асыл тұқымды саулықтардың және 1 жастан асқан ұрғашы тоқтылардың саны, бас	3000	1000

Шаруашылықтағы 1 басқа есептегендегі жуылмаған қырқылған жүннің салмағы, килограмм	4	3,5
100 саулыққа шаққандағы қозы, бас	100	95
Бөлінген кезде төлдің сақталуы, %	95	95
Элита класты саулықтардың үлес салмағы, %	30	20
Бірінші класты саулықтардың үлес салмағы, %	40	40
Өнімділік бағыты қылшық және ұяң жүнді қой		
Асыл тұқымды саулықтардың және 1 жастан асқан ұрғашы тоқтылардың саны, бас	3000	1000
Шаруашылықтағы 1 басқа есептегендегі жуылмаған қырқылған жүннің салмағы, килограмм	2,1	1,8
100 саулыққа шаққандағы қозы, бас	90	85
Бөлінген кезде төлдің сақталуы, %	95	95
Элита класты саулықтардың үлес салмағы, %	30	20
Бірінші класты саулықтардың үлес салмағы, %	40	40
Қаракөл тұқымы		
Асыл тұқымды саулықтардың және 1 жастан асқан ұрғашы тоқтылардың саны, бас	3000	1000
Бірінші сортты қаракөл шығымы, %		
қара түсті	85	80
сұр және алтын сұр түсті	80	75
ақ және қызғылт түсті	70	60
Ірі және орта көлемдегі қаракөл шығымы, %	85	80
Бірінші класты саулықтардың үлес салмағы, %	40	40
Қаракөл терісінің арнайы түсі бойынша үлес салмағы, % қара түсті	95	85
сұр түсті	45	45
алтын сұр түсті	75	70
ақ түсті	65	60
қызғылт түсті	25	20
100 саулықтан алынған төл, бас	95	90
Бөлінген кезде төлдің сақталуы, %	95	95
Элита класты саулықтардың үлес салмағы, %	30	20
Бірінші класты саулықтардың үлес салмағы, %	40	40
Өнімділігі жүн бағытындағы ешкі шаруашылығы		
Асыл тұқымды ешкілер және 1 жастан асқан шыбыштардың саны, бас	750	500
Шаруашылықтағы 1 басқа есептегендегі жуылмаған қырқылған жүннің табиғи салмағы, кг	1,8	1,7
100 ешкіден алынған лақ, бас	105	100
Бөлінген кезде төлдің сақталуы, %	95	95
Элита класты ешкілердің үлес салмағы, %	15	10
Бірінші класты ешкілердің үлес салмағы, %	40	35

Өнімділігі сүт бағытындағы ешкі шаруашылығы		
Асыл тұқымды ешкілер және 1 жастан асқан шыбыштардың саны, бас	300	100
Сауылу маусымы бойынша сауылған сүт, кг	550	500
100 ешкіден алынған лак, бас	170	150
Бөлінген кезде төлдің сақталуы, %	95	95
Элита класты ешкілердің үлес салмағы, %	15	10
Бірінші класты ешкілердің үлес салмағы, %	40	35

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2015 жылғы 20 сәуірдегі
 № 3-3/352 бұйрығына
 2-қосымша

Шопқа шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық зауыттарды және асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Асыл тұқымдық зауыттар	Асыл тұқымдық шаруашылықтар
Асыл тұқымды мегежіндердің саны, бас	100	50
Жалпы бағалау бойынша асыл тұқымды шошқалардың үлес салмағы (бағалау нәтижесі бойынша): 2 жастан асқан негізгі қабандар, % негізгі мегежіндер, % алмастырушы еркек торайлар, % алмастырушы ұрғашы торайлар, %	элита-рекорд және элита 80 элита 70 элита 80 элита 80	элита-рекорд және элита 70 элита 50 элита 70 элита 70
Зауыттық желінің болуы	2	-
Асыл тұқымды мегежіндердің өнімділігін бағалау: көптөлділік, бас сүттілігі (21 күндік ұя салмағы) килограмм 2 айдағы ұя салмағы, килограмм	10 52 175	9 48 155
Ұрпағының сапасы бойынша бағаланған асыл тұқымды негізгі қабандардың үлес салмағы, %	100	-
Ұрпағының сапасы бойынша бағаланған асыл тұқымды негізгі мегежіндердің үлес салмағы, %	50	-
Сатылған асыл тұқымды шошқалардың ішінде элита класының үлес салмағы, %	70	50

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2015 жылғы 20 сәуірдегі
 № 3-3/352 бұйрығына
 3-қосымша

Жылқы шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық зауыттарды және асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Асыл тұқымдық зауыттар	Асыл тұқымдық шаруашылықтар
Асыл тұқымды жылқы саны, атқора - жайылымда ұстағанда; бас асыл тұқымды тұқымдық айғырлар асыл тұқымды биелер	33 3 30	11 1 10
Элита класты асыл тұқымды тұқымдық айғырлардың үйірдегі үлес салмағы, % элита класты биелер %	100 60	100 30
Зауыттық желінің болуы Сатылған төлдегі элитаның үлес салмағы, % Енесінен ажыратылған құлынның 100 аналыққа шаққандағы шығымы, %	2 70 75	- 50 70
Асыл тұқымды жылқы саны, жайылым үйірде ұстағанда, бас асыл тұқымды тұқымдық айғырлар асыл тұқымды биелер	128 8 120	55 5 50
Элита класты асыл тұқымды тұқымдық айғырлардың үйірдегі үлес салмағы, % элита класты биелер % Зауыттық желінің болуы Сатылған төлдегі элитаның үлес салмағы, % Енесінен ажыратылған құлынның 100 аналыққа шаққандағы шығымы, %	100 60 2 60 75	100 50 - 50 70
Асыл тұқымды жылқы саны, үйірлік ұстағанда, бас асыл тұқымды тұқымдық айғырлар асыл тұқымды биелер	216 16 200	128 8 120
Элита класты асыл тұқымды тұқымдық айғырлардың үйірдегі үлес салмағы, % элита класты биелер %	100 30	100 20
Зауыттық желінің болуы Сатылған төлдегі элитаның үлес салмағы, % Енесінен ажыратылған құлынның 100 аналыққа шаққандағы шығымы, %	2 50 75	- 40 70

Түйе шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық зауыттарды және асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Түрі	Асыл тұқымдық зауыттар	Асыл тұқымдық шаруашылықтар
Асыл тұқымды түйелердің саны, бас асыл тұқымды тұқымдық үлек асыл тұқымды аруана	Қазақтың айыр өркешті түйесі	316 16 300	108 8 100
Шаруашылықтағы 1 басқа есептегендегі жуылмаған қырқылған жүннің салмағы, килограмм		5	4
Элита класты асыл тұқымды тұқымдық үлектердің үлес салмағы, % элита класты аруаналардың үлес салмағы, %		100 50	100 20
Зауыттық желінің болуы Сатылған төлдегі элитаның үлес салмағы, %		2 60	- 50
Асыл тұқымды түйелердің саны, бас асыл тұқымды тұқымдық үлек асыл тұқымды аруана	Бір өркешті түйе	128 8 120	53 3 50
Шаруашылықтағы 1 басқа есептегендегі жуылмаған қырқылған жүннің салмағы, килограмм		3	2,5
Элита класты асыл тұқымды тұқымдық үлектердің үлес салмағы, % элита класты аруаналардың үлес салмағы, %		100 40	100 10
Зауыттық желінің болуы Сатылған төлдегі элитаның үлес салмағы, %		2 50	- 40

**Құс шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық репродукторларды
бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері**
Арғы ата-енелік үйірі

Негізгі көрсеткіштер	Тауық			Күрке тауық	Үйрек		Қаз	Мысыр тауығы	Бөденелер
	жұмыртқалағыш	етті - жұмыртқалағыш	етті		пекин	мускус			
Ересек құстың орташа жылдық саны, мың бас	15	15	15	2,0	2,5	1,5	1,5	1,0	4
Мекиеннен бір жылда алынған жұмыртқа, дана	240	200	175	110	190	85	50	100	220
Жұмыртқаны асыл тұқымдық мақсатта қолдану, жалпы өндірісінен, %	55	55	55	70	75	70	80	30	60
Төл шығымы, %	78	75	65	55	65	60	55	55	70
Төлдің сақталуы (жарамсыздықты есептемегенде), %	92	92	95	90	90	90	90	90	94
Ересек құстың сақталуы (жарамсыздықты есептемегенде), %	96	96	95	95	95	97	97	95	95
Бір желіге шаққанда селекциялық ұялардың саны, дана	60-100	60-100	60-100	60	60	60	60	60	60
Ішкі желілік шағылысу кезінде бір ұялық мекиеннен алынатын төл саны, бас	14	14	12	12	10	8	10	15	15

Ата-енелік үйірі

[illegible]

Жұмыртқаны асыл тұқымдық мақсатта қолдану, жалпы өндірісінен %	55	55	55	70	70	65	80	30	40
Төл шығымы, %	75	70	65	55	55	55	55	55	70
Төлдің сақталуы (жарамсыздықты есептемегенде), %	92	92	95	90	90	90	90	90	92
Ересек құстың сақталуы (жарамсыздықты есептемегенде), %	96	96	95	95	95		97	95	94

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 3-3/352 бұйрығына
6-қосымша

Түйекұс шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық репродукторларды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Африкалық түйекұс	Австралиялық түйекұс
Асыл тұқымды жыныстық жетілген дарактардың ең аз саны, бас	30	20
Селекциялық ұялардың саны (1 аталық: 2-5 аналық), дана	10	10
Асыл тұқымды мекиеннен бір жылда алынған жұмыртқа, дана	50	30-40
Жұмыртқаның ұрықтануы, %	75	75
Асыл тұқымды төлдің шығымы, %	60-70	60-70
8 апталық жасына дейінгі асыл тұқымды төлдің сақталуы, %	90	90
12 айлық жасындағы асыл тұқымды төлдің тірі салмағы, килограмм	90	25

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 3-3/352 бұйрығына
7-қосымша

Марал және бұғы шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Марал шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтар	Бұғы шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтар
Марал саны, бас	300	300
оның ішінде: аталық, бас	120	120
аналық, бас	80	80
табындағы аналықтың үлес салмағы %	27	27

элита және I кластың үлес салмағы		
аталық, %	40	40
аналық, %	55	50
алғаш төлдегендер, %	40	40
100 аналыққа төл шығымы, бас	38	35
панты салмағы (шикі) 1 аталықтан, килограмм	5,5	0,8
1 алғаш төлдегеннен, килограмм панты салмағы (консервіленген)	1,5	-
1 аталықтан, килограмм	2,1	0,3
1 алғаш төлдегеннен, килограмм	0,6	
шығымы % (консервіленген)	38	37

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 3-3/352 бұйрығына
8-қосымша

Үй қояны шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Асыл тұқымды шаруашылықтар
Негізгі үйірдегі аналықтың саны, бас	600
элита және I класс көжектердің саны, %:	
негізгі үйірдегі аталық	95
аналық	70
толықтырушы төл	60
Бір төлдегенде негізгі аналықтан алынған төл, бас	5,5
бір аналықтан бір жылда алынған төл, бас	20
толықтырушы төлдің тірі салмағы, килограмм:	
3 айлық жасында	2,4
4 айлық жасында	3,1
Алынған төлден сатылған асыл тұқымды төл %	40
Сатылған асыл тұқымды төлдің элита кластың және I кластың үлес салмағы, %	50

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 3-3/352 бұйрығына
9-қосымша

Аң шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Асыл тұқымдық шаруашылық
Асыл тұқымды аңдардың саны ең азы, бас құндыз	
түлкі	1500
ақ түлкі	600
бұлғын	600
су тышқан	1000
	1500
Негізгі үйірдегі элиталық аңдардың саны (І және ІІ класс, бас аталық	80
аналық	75
толықтырушы аталық	90
толықтырушы аналық	85
Бір аналықтан төл шығымы, бас:	
стандартты қара-қоңыр, қоңыр, сұр, ампало - күміс түстес, ақшылт сұр, америкалық паломино, көгілдір - күміс түсті құндыз	5,0
басқа түрлі құндыз	4,6
қара - күміс түсті түлкі	5,0
түрлі түсті түлкі	4,5
күміс түсті ақ түлкі	9,0
вуалды ақ түлкі	8,5
қара бұлғын	2,3
су тышқан бір аналыққа есептегенде	6,5
6 айлық жасындағы бақылау тобындағы асыл тұқымды төлдің дене ұзындығы, сантиметр:	
стандартты қара-қоңыр, қоңыр, сұр, ампало - күміс - түстес, ақшылт сұр, америкалық паломино, көгілдір күміс түсті құндыз:	
аталық	49
аналық	41
басқа түрлі құндыз:	
аталық	48
аналық	40
түлкі:	
аталық	72
аналық	70
ақ түлкі:	
аталық	67
аналық	65
6 айлық жасындағы бақылау тобындағы асыл	

тұқымды төлдің тірі салмағы (дене ұзындығы бойынша деректер болмағанда), килограмм:	
стандартты кара-коңыр, коңыр, сұр, ампало - күміс түстес, ақшылт сұр, америкалық паломино, көгілдір - күміс түсті құндыз:	
аталық	2,4
аналық	1,4
басқа үлгідегі құндыздар:	
аталық	2,3
аналық	1,2
түлкі:	
аталық	6,5
аналық	6,0
ақ түлкі:	
аталық	6,5
аналық	6,0
су тышқан:	
аталық	4,5
аналық	4,0
бұлғын:	
аталық	1,5
аналық	1,2
Өсіру кезінде төлдің сақталуы, %	
құндыз	97
су тышқан	92
басқа түрлер	98
Элиталық сатылған асыл тұқымды төлдің үлес салмағы, %	85

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 3-3/352 бұйрығына
10-қосымша

Бал ара шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Бал ара шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарда мынадай көрсеткіштер болуы тиіс:

1) кемінде 100 бал ара ұясының болуы, оның кемінде 65 пайызында асыл тұқымды, жоғары өнім беруші ара аналықтары және аудандарға бөлінген ара ұялары болуы тиіс;

2) зоотехникалық есепті жүргізу және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілуі;

3) бұдан аналықтарын шығаратын асыл тұқымдық шаруашылық өзге тұқымның ара ұяларының кемінде 10% ұстай алады (оларды оқшауланған жерде ұстау және тек аналық ұя ретінде қолдану);

4) тұрақты азық базасымен, ал ара ұяларын жақсы күтім және азықтандыру жағдайларымен қамтамасыз ету;

5) тұқымның тазалығын сақтау үшін асыл тұқымдық шаруашылыққа немесе ауыл шаруашылығы құрылымына 10 километр радиуста орналасқан басқа тұқымның бал ара ұяларын және аналықтарын әкелуге рұқсат етілмейді;

6) қыстан шыққан ара ұяларының сақталуы 90% кем болмауы;

7) балдың асыл тұқымды ұяға шаққандағы жалпы жиылымы республика облыстарында бал араларының орналасу аймақтарына байланысты облыстық орташа көрсеткіштен 10% жоғары болуы керек.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 3-3/352 бұйрығына
11-қосымша

Балық шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Балық шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарда мынадай көрсеткіштер болуы тиіс:

1) әр түрлі балықтардың тұқымы және желісі бойынша резервтік* көрсеткішімен есептегенде кемінде 100 данасының болуы;

2) құртшабақтарды зауыттық әдіспен алғанда инкубациялық кезең шығынын есептегенде, күнтізбелік жылға балықтардың тіршілікке бейімділігінің 90% кем болмауы;

3) құртшабақтарды зауыттық әдіспен алғанда балық шығыны;

- аналығы, 20% артық емес;

- аталығы, 10% артық емес;

4) шабақтардың шығымдылығы, 50%;

5) өндірушілердің өсімі, жыныстық өнімдердің толық қалпына келуін есепке ала отырып, балық өсіру аймақтарына және балық түрлеріне байланысты аналықтар үшін орташа 1100-2100, аталықтар үшін 800-1300 грамм құрауы;

6) жыл сайын аналық топты есептен 25% дейін жаңарту үшін балық өсіруші шаруашылықтарда асыл тұқымды толықтырушы бастардың барлық жастағы топтарының болуы.

Аталықтары мен аналықтарының ара қатынасы, асыл тұқымды тұқымдық балықтың және толықтырушы топтың өнімділік сапасы, толықтырушы топтың

саны қолданыстағы балық өсіру-биологиялық аймақтық нормативтерде сәйкес келуі тиіс.

Әр тұқымнан алынған асыл тұқымды материалды сату көлемі 5 миллион дана 3 күндік құртшабақтан кем болмауы тиіс.

Балық шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықтарды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Тұқы балық	Пайда балық	Өсімдік қоректі балықтар
Асыл тұқымды өндіруші балықтардың саны резервтік* көрсеткішті қоса есептегенде, дана	100	100	100
аналықтары	60	50	60
аталықтары	40	50	40
Аналықтардың өсімталдығы, мың дана:			
уылдырықтары бойынша	300	35	500
құртшабақтары бойынша	150	20	250
өсірілген жас балықтар** бойынша	60	-	125
Асыл тұқымды құртшабақтарды сату, миллион дана	5,0	-	5,0
Ұрықтандырылған уылдырықтарды сату, миллион дана	-	0,5	-

* резервтік көрсеткіш - репродукциялық сапасы және сыртқы көрінісі нашарлау балықтар;

** 10-15 тәуліктік, ұзындығы 4 сантиметрге дейінгі жас балықтар өсірілген деп есептеледі.